

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСІ - СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ҚҰРАЛЫ

*Мубарак Н.Е.¹, Адилбекова Л.М.²

*^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Андатпа. Бұл мақалада жоғары оқу орындарында әдебиет сабағында студенттерді оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін іздестіру, заманауи технологияларын қолдану мәселесі қозғалады. Қазіргі педагогика ғылымының әдіснамалық саласында әңгімелерді оқыту әдістемесіне үлес қосу, қазақ әдебиеті шығармаларын жоғары оқу орнында оқытудың мәселелерін қарастыру және әдебиетті оқытудағы проблемалық оқыту әдісінің тиімділігін көрсету көзделеді. Зерттеудің мақсаты – әдебиет сабақтарында проблемалық оқытуды қолдану мүмкіндіктерін анықтау.

Мақаланың ғылыми маңыздылығы – зерттеуде алынған нәтижелер қазақ әдебиеті шығармаларын проблемалық оқыту әдісіне байланысты тұжырымдамаларды толықтырады. Мақаланың практикалық мәні – бұл зерттеулерді жоғары оқу орындарында қазақ әдебиеті шығармаларын оқыту тәжірибесінде қолдануға болады.

Мақалада проблемалық оқыту және оқытуда проблемалық жағдаяттарды құру бойынша педагогикалық, психологиялық және әдістемелік әдебиеттер зерттеліп, талданды; студенттің дамуына ықпал ететін проблемалық жағдаяттарды құрудың ең тиімді жолдары мен әдістері іздестірілді. Бұл тақырыпты ашу үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды: бақылау, сауалнама және эксперименттік оқыту. Қазақ әдебиеті пәні бойынша 50 болашақ мұғалім-респонденттері проблемалық оқытуды қаншалықты жиі қолданатынын, білім алушыға сабақ беру барысында әртүрлі әдістерді қолдана отырып, анонимді онлайн сауалнама жүргізу арқылы зерттеуге қатысты.

Педагогикалық университеттің оқу үдерісін ұйымдастыру барысында білім алушылардың қызығушылығын арттыру үшін көркем мәтінді түсіну үшін сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру өте маңызды.

Мақаланың практикалық маңыздылығы ретінде теориялық және практикалық материалдардың қолданылуын, білім алушылардың тақырып бойынша семинарларға дайындала алуын, оқытушылардың әдебиет сабақтарында қолдана алуын айта аламыз.

Зерттеу проблемалық оқыту заманауи оқыту стратегиясы ретінде студенттердің әдебиет сабағында танымдық әрекетін белсендіруге мүмкіндік беретінін көрсетті. Бұл студенттерді мәселеге танымдық көзқарасы бар тұрғыдан қарайтын субъект позициясына қояды, сонымен бірге олардың шығармашылық дағдыларын және мәтінді түсінуге сыни көзқараспен қарау дағдысын дамытады.

Тірек сөздер: көркем әдебиет, көркем мәтін, дәстүрлі оқыту, проблемалық оқыту, проблемалық жағдаяттар, әңгімелерді ЖОО-да оқыту әдістемесі, әдебиетті оқыту әдістемесі, оқытудың заманауи технологиялары

Кіріспе

Әдебиет сабағында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін мына әдістерді сабақ барысында қолдану өз нәтижесін береді: кластерлер, инсерт, кестелерді толтыру, күнделік, бірлескен ізденіс, өзара пікірлесу, дөңгелек үстел, TRIZ технологияларын қолдану мақсаты қойылады [1, 44 б.].

Проблемалық оқыту студенттердің логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, танымдық қызығушылықты қалыптастыруға кең мүмкіндік беретін оқу тәсілі.

Студенттер енжар тыңдаушы емес, сабаққа белсенді қатысушы болуы маңызды. Проблемалық оқыту технологиясы студенттердің жаңа білімді өз бетінше алудың белсенді процесіне қатысуына мүмкіндік беретіндіктен, бұл жағынан ең тиімдісі болып саналады.

Белгілі болғандай, проблемалық оқыту технологиясы оқытушының жетекшілігімен белгілі бір мәселені шешу үшін студенттердің өз бетінше ізденіс әрекеттерін ұйымдастыруды көздейді, студенттер жаңа білім, білік, дағдылар қалыптастырады.

Көркем мәтін – бұл мұғалімнің шебер қойған проблемалық сұрақтарының көмегімен студенттердің шығармашылық ойлауын ынталандыратын материал. Проблемалық жағдаяттар сабақтың барлық кезеңдерінде туындауы мүмкін: түсіндіру, бекіту, бақылау кезінде тапсырмалар ұсынылады.

Көркем мәтінді меңгеруде оқытушының сабақтың белгілі бір кезеңінде қойған мақсатын анықтау маңызды – білім алушылардың жеке әсерлерін түсіну, оқырмандар санасында пайда болған сезімдер мен бейнелерді сипаттау, мәтінді түсіндіру, көркемдік таным процесіне өзін-өзі бағалау немесе студенттердің жалпы қабылданған әдеби ұғымдарды меңгеруі [2].

Проблемалық оқыту дәстүрлі оқытудың осал тұстарын жою, оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру қажеттілігінен туындаған қазіргі заманғы оқыту үлгісі. Оқытушыға бағытталған дәстүрлі парадигмалар мен білім берудің лекциялық моделіне қарағанда, әдебиетті проблемалық оқыту студенттерді қызықтырады, олар оқу үдерісінің өзегі болып табылады және проблеманы өз бетінше анықтауға және зерттеуге негізделеді. Әдебиеттегі проблемалық оқыту студенттердің әдеби құбылыстарға белсенді қатынасына негізделеді. Оқытушы студенттермен жұмыс барысында проблемалық тапсырмаларды шешіп, талқылау арқылы студенттерді ынталандыра алады.

Проблемалық оқыту технологиялары, қазіргі таңда, әсіресе гуманитарлық пәндер оқытушының тәжірибесінде кеңінен таралуда, өйткені бұл әдіс білім алушылардың танымдық белсенділігін ынталандырады, олардың сыни, логикалық және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді, зерттеушілік дағдыларын дамытады.

Проблемалық оқытудың негізгі идеясы: білім студенттерге дайын түрде берілмейді, бірақ олар оқытушы ұйымдастыратын және басқаратын зерттеу үдерісіне еліктей отырып, оқу әрекеті үдерісінде игереді. Проблемалық оқытудың мақсаты – ғылыми білімнің нәтижелерін ғана емес, сонымен бірге оның жолын, осы нәтижелерді алу үдерісін меңгеру, ол сонымен қатар білім алушының танымдық белсенділігін қалыптастыруды және оның шығармашылық қабілеттерін дамытуды қамтиды.

Оқу үдерісінде проблемалық оқыту технологиясын енгізу объективті қиындықтармен байланысты: материалды арнайы іріктеу, көп уақытты қажет ететін проблемалық тапсырмалар жиынтығын құру [3, 19 б.]. Проблемалық оқыту

білімді неғұрлым берік меңгеруді қамтамасыз етіп, аналитикалық және логикалық ойлауды дамытып қана қоймайды, сонымен қатар студенттерді әдебиет сабағында оқылатын шығармалардың сан қырлы көркемдік әлемін терең түсінуге бағыттайды.

Проблемалық жағдайдың өзі де әртүрлі жолдармен енгізіледі. Мысалы, қателері бар деректер, артық/жеткіліксіз деректері бар, сұрақты немесе тапсырмаларды шешуге шектеулі уақыт беріледі, бір сұрақ бойынша әртүрлі, қарама-қайшы көзқарастар беріледі.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі заманғы оқыту тұрғысынан дәстүрлі сабақ жүйесін өзгертіп, проблемаларды түсіну, шешу, шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамыту және практикалық білімдерді қолдану қабілеттерін дамыту арқылы студенттердің біліміне ықпал ететін дағдыларды меңгерумен алмастыру қажет [4].

Педагогикалық әдебиеттерде проблемалық оқыту технологиясы мәселесін И.Я. Лернер, А.М. Матюшкина, М.И. Махмұтова, Г.К. Селевко және т.б. авторлар зерттеген, олар негізгі ұғымдардың мәнін және әдістерінің мазмұнын көрсетеді.

Студенттер проблемалық жағдаяттарды шеше отырып, шығармашылық іс-әрекеттің процедурасын бірте-бірте игеріп, сонымен бірге әлеуметтік және адамгершілік қажеттіліктерді қалыптастыруға ықпал ететін таным әдістерін игереді. Проблемалық жағдайдың негізгі элементі – белгісіз, жаңа, қажетті әрекетті орындау үшін берілген тапсырманы дұрыс орындау болуы керек [5, 43 б.].

Қойылған міндеттерді шешу үшін талдау, синтездеу, модельдеу теориялық әдістері қолданылды: практикаға бағытталған оқыту бойынша әдебиеттер зерделенді, жоғары білім саласындағы нормативтік құжаттар, кәсіби стандарттар, оқу-әдістемелік құжаттамалар талданды. Жоғары оқу орындарында проблемалық оқытуға бағытталған білім беруді құрудың шетелдік тәжірибесінің тәсілдері анықталды.

Бұл зерттеу Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 4 курс студенттерінің әдебиет сабағында білімін арттыруда проблемалық оқыту технологиясын қолданудың тиімділігін зерттеуге бағытталған. Сондай-ақ, зерттеу мақсаттарына жету үшін қолданылатын тәсілдері, қатысушылары, деректерді жинау және талдау әдістері сипатталады.

Әдебиет сабағында іске асырылатын проблемалық оқыту әдістері:

- білімді проблемалық түрде ұсыну (жаңа білімді хабарлау барысында жүйелі түрде проблемалық жағдаяттар туғызу, сұрақтар қойып, оқу міндеттерін шешу жолдарын көрсету, студенттерді өз бетінше танымдық әрекетке баулу);

- проблемалық бастамасы бар сабақ түрі (оқытушы жаңа білімді таныстырудың басында проблемалық жағдай туғызып, содан кейін оқу материалын дәстүрлі, ақпараттық түрде түсіндіреді);

- ішінара іздеу немесе эвристикалық әдіс (оқытушы тарапынан логикалық өзара байланысты сұрақтар мен студенттердің жауаптары жүйесі, оның түпкі мақсаты жаңа мәселені шешу);

- зерттеу әдісі (өз бетінше шығармашылық шешімдерді қажет ететін тапсырмаларды қою арқылы студенттердің ізденімпаздық әрекетін ұйымдастыру).

Деректерді жинау құралы ретінде проблемалық тапсырмалар қолданылды, олардың нәтижелерін талдау үшін сандық әдіс пен сипаттама статистикалық талдау қолданылды. Сабақты бастамас бұрын студенттердің ойлау қабілеттерін тексеру үшін алдын ала тест тапсырылды. Студенттерге нұсқаулықты мұқият оқып, сұрақтарды түсіну және сұраққа сәйкес келетін нұсқаны таңдау ұсынылды.

Студенттің ұсынылатын оқу-шығармашылық тапсырмаға қызығушылығы - шығармашылық белсенділіктің көрінуінің және, демек, қалыптасуының ең қажетті шарты [6].

Алдын ала тестілеу нәтижелерін талдап, проблемалық оқытуға қажетті материалдар мен оқу-әдістемелік құралдар әзірленді. Оқу тапсырмасы аналитикалық тапсырма ретінде қойылды. Тапсырма студенттерді жұмыстың кейбір мәселелері туралы ойлануға мәжбүр ететіндей болуы керек. Осылайша, жұмыс материалы негізінде проблемалық жағдай жасалады. Бұл шығарманың актерлік қойылымының әртүрлі нұсқаларын салыстыру, әртүрлі суретшілердің иллюстрацияларын салыстыру болуы мүмкін; мәтіндік және мәтіннен тыс материалдардың көмегімен проблемалық жағдай туғызу болуы мүмкін.

Студенттерге шығармашылық тапсырма түрлері де ұсынылады: кітапты безендіру, шығармаға суретті немесе музыкалық иллюстрацияларды таңдау, фильм немесе анимациялық фильм сценарийін жазу, анимация немесе комикс жасау, мұражай көрмесін ұйымдастыру және т.б. [7]

Бұл мақалада мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру мақсатында болашақ әдебиет пәні мұғалімдерінің проблемалық оқытуды өткізуге дайындық деңгейіне жүргізілген зерттеудің нәтижелері берілген. Студенттер өздерінің педагогикалық шеберлігі кезінде сабақтарын саралап нәтижелерімен бөлісті. Осы мақсатта сауалнама әзірленіп, таратылды, онда келесі сұрақтарға жауап беру сұралды:

1 Өз пәніңіз бойынша проблемалық сабақтарды қаншалықты жиі өткізесіз?

2 Проблемалық оқыту қандай рөл атқарады деп ойлайсыз?

3 Проблемалық оқытудың мәнін қалай түсінесіз?

4 Шығармашылық ойлаудың негізгі принциптерін атаңыз.

5 Төмендегі проблемалық оқыту дағдыларының қайсысын меңгере алмайсыз:

а) проблемалық сабақтар жүйесін жоспарлау және әзірлеу үшін оқу материалына ғылыми-әдістемелік талдау жүргізу;


б) жеке проблемалық сабақты жоспарлау және әзірлеу;

в) проблемалық жағдай туғызу және оқу проблемасын қою;

г) оқу міндеттерін шешу кезінде оқушылардың іс-әрекетін басқару.

Әдебиет пәнін проблемалық тәсіл арқылы оқытуға көзқарасы туралы

сауалнаманы 50 жоғарғы курс студенттері анонимді түрде онлайн режимінде толтырды. Сауалнамаға қатысқандардың 50% ғана проблемалық сабақтарды жиі өткізетіні белгілі болды. Оқу үдерісіндегі проблемалық оқытудың рөлін аша отырып, көпшілігі (43%) проблемалық оқытудың негізгі және бірден-бір дерлік мақсаты жаңа білімді жақсы меңгеруді қамтамасыз ету екеніне сенімді болды.



Сурет 1 – Сауалнама нәтижесі

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес олардың көпшілігі (35%) проблемалық оқытуды өз тәжірибесінде оқушылардың танымдық белсенділігінің жетекші ынталандырушысы ретінде қолданбайтынын көрсетті. Респонденттердің көпшілігі шығармашылық ойлаудың негізгі принциптерін атай алмады (61%). Бұл болашақ әдебиет мұғалімдерінің көпшілігінің проблемалық оқытудың мәнін түсінбеуінен, шығармашылық ойлау процесінің заңдылықтары туралы, проблемалық оқытуды ұйымдастырудың жолдары мен формалары туралы білімдерінің аздығынан болуы мүмкін.

Проблемалық оқытуды ұйымдастыру кезінде қиындық тудыратын дағдылар туралы алынған нәтижелер:

- оқу материалына ғылыми-әдістемелік талдау жүргізу (25%);
- жеке проблемалық сабақты жоспарлау және әзірлеу (20%);
- проблемалық жағдай туғызу және оқу проблемасын қою (25%);
- оқу міндеттерін шешу кезінде оқушылардың іс-әрекетін басқару(30%).

Педагогикалық университеттің оқу үдерісін ұйымдастырудағы проблемалық көзқарас студенттердің материалдық және психикалық дамуын жақсы меңгеруге ықпал ете отырып, мәселенің кәсіби бөлігін шешуге өз бетінше мүмкіндік бермейді, себебі проблемалық мәселені шешу оның психологиялық-

педагогикалық негіздерін, нақты әдістерін, ұйымдастыру формалары мен ережелерін білуді талап етеді.

Әдебиет сабағының барысында студенттерге қазіргі заманғы адам тіршілігіне қатысты бірқатар проблемалық сұрақтар қоюға болады, мысалы:

– Тағдыр дегеннің өзі не? (жазушы Бақыт Мерекенованың «Адам тағдыры» кітабы бойынша);

– Шығармада жақсылық пен зұлымдықтың символдары қандай? (жазушы А. Кемелбаеваның «Қоңырқаз» әңгімесі бойынша);

– «Бейбітшілік – ең қымбат құндылық» дегенді қалай түсінесіз? (Сара Латиеваның «Мен соғысты көргенім жоқ» шығармасы бойынша);

– Қазіргі адамдар үшін моральдық нұсқауларды жоғалту мәселесі қаншалықты өзекті? (Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер» кітабы бойынша);

– «Отбасы – имандылықтың қоймасы» дегенмен келісесіз бе? (жазушы Шәрбану Бейсенованың «Бәкене қыз» әңгімесі бойынша)

– Қазіргі адамдар үшін моральдық таңдау мәселесі қаншалықты өзекті деп ойлайсыз? (жазушы Сәуле Досжанованың «Өгей жүрек» хикаяты бойынша).

– Қазіргі заманда түс көру, оны жору мәселесі өзекті ме? (жазушы А.Кемелбаеваның «Күміс инелер» атты әңгімесі бойынша);

– Жазушының әңгімедегі суреттеген табиғат құбылыстары қандай жағдайға, оқиғаға байланыстыра алынады? (жазушы А. Кемелбаеваның «Тобылғысай» әңгімесі бойынша).

Нәтижелер және талқылау

Әдеби шығарманы оқу үдерісінің мәні графикалық белгілерді декодтаудан және оларды ментальдық бейнелерге аударудан тұрады. Осыған сәйкес шығарманы оқу процесі екі негізгі кезеңнен тұрады: көрнекі қабылдау және оқылғанды түсіну (түсіндіру) кезеңі [8].

Проблемалық оқыту технологиясын жүйелі қолдану арқылы студенттер келесі әрекеттерді орындай алады:

- студенттер белгілі бір сабақтың мазмұнына ғана емес, жалпы оқытылатын бүкіл бөлімге жақсырақ бағдарланады;

- тақырыпты өз бетінше тұжырымдап, ондағы негізгі бөліктерді көрсете алады;

- қажетті ақпаратты алу көздерін табу, өз жауабың тақырыпқа сәйкес құру: теорияға, тұжырымға негізделген болжамдар жасау әрекеттерін іске асырай алады;

- өз пікірлерін теориялық материалмен салыстыра отырып, қорытынды жасай алады.

Проблемалық оқыту аясында салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылады: көркем мәтіннің бөліктері мен әртүрлі элементтерін салыстыру (кейіпкерлердің бейнесін салыстыру, эпизодтарды салыстыру, пейзаж мен портрет арасындағы мәтіннің жалпы ағымымен байланысын қарастыру) [9].

Кесте 1- Проблемалық оқытудағы оқытушы және студенттердің іс-әрекеті

Оқытушының іс-әрекеті
<ol style="list-style-type: none"> 1. Проблемалық жағдай туғызады. 2. Мәселе және оны тұжырымдау туралы ойлауды ұйымдастырады. 3. Гипотезаны іздеуді ұйымдастырады – анықталған қарама-қайшылықтарды болжамды түсіндіру. 4. Гипотезаны тексеруді ұйымдастырады. 5. Нәтижелердің синтезін және қолдануды ұйымдастырады.
Студенттердің іс-әрекеті
<ol style="list-style-type: none"> 1. Зерттелетін құбылыстағы қарама-қайшылықтарды таниды. 2. Мәселені тұжырымдайды. 3. Құбылыстарды түсіндіретін гипотезаларды алға тартады. 4. Эксперимент, талдау және т.б. арқылы гипотезаны тексереді. 5. Нәтижелерді талдайды, қорытынды жасайды, алған білімдерін қолданады.

Проблемалық оқыту технологиясын қолдануда проблемалық жағдаят құруға көп көңіл бөлінеді. Проблемалық оқытуда жеке, жұптық және топтық жұмыс түрлерін бір уақытта қатар пайдалануға болады. Сабақтың формалары әртүрлі болуы мүмкін.

Бұл мақалада қазақ әдебиетінің жаңа буынының шығармалары қарастырылады (Б.Мерекенова, А. Кемелбаева, С.Латиева, З.Ахметова, Ш.Бейсенова, С.Досжанова). Тәуелсіздік жылдарында еліміз түрлі қиындықтарды бастан кешірді. Олар әдебиет тарихында ізін қалдырып, жағдайдың қалай өзгергенін айнасыз бейнеге айналдырды [10, 52 б.].

Қазақстанның қазіргі әдебиеті мазмұн мен форма деңгейінде тәжірибелердің өзгеруімен сипатталады. Сан ғасырлық дәстүрмен қалыптасқан жанрлық ойлауда түбегейлі өзгерістер бар. Жанрлардың кең дифференциациясы және сонымен бірге ластануы бар - жүйе ауқымында да, бірінің ішінде жеке алынған жұмыс [11]. Проблемалық жағдай туғызуға мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдердің түрлері:

1. Ең жиі қолданылатын әдіс – сабақтың түйінді сұрағын ұсыну болып табылады. Студенттерге қойылатын сұрақ шығармашылық ізденісті, дұрыс шешімді таңдауды талап ететін, сонымен қатар тақырыпты бағалауда олардың дербестігін ынталандыратын болуы керек. Проблемалық сұрақтың ерекшелігі студенттердің оған дайын, жаттанды жауабы жоқ болуы. Мұндай сұрақтар ойлауды, зерттеуді, кейде тіпті экспериментті қажет етеді.

2. Проблемалық жағдай: студенттер материалды оқып, сабақтың негізгі сұрағын анықтау мақсатымен тапсырмаларды орындайды.

3. Шығарма туралы қате мағлұматты студенттерге ұсыну арқылы проблемалық жағдайды құру.

4. Проблемалық жағдаят ретінде визуализация құралдарын да қолдануға болады, мысалы, шығармаларға арналған иллюстрациялар: Қай суретші кейіпкердің мінезін толық бейнелеген деп ойлайсыз? Мәтін арқылы өз ойыңды дәлелде.

5. Студенттерге авторлардың шығармаларын зерделеу барысында, жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы толық мәлімет табу ұсынылады. Студенттер ұсынылған аннотацияларды талдай отырып, жазушының жеке басы мен оның шығармашылық қызметі туралы мәліметтерді тапқан кезде, ізденіс әрекеттері топтарда немесе жұптарда ұйымдастырылады. Тапсырма: «Автордың кітаптарының аннотацияларын талдаңыз. Оның мамандығы, қызығушылығы, қызметі, мінезі, өмір салты туралы не айта аласыз? Бұл кітаптарды оқығыңыз келді ме? Неліктен?» Осындай ізденіс әрекетінің нәтижесінде жазушының шығармашылығына деген қызығушылық пен оны зерттеуге ынта-ықыласы туындайды.

Қорытынды

Осылайша, проблемалық оқытуда қазіргі білім беру үдерісіне органикалық және мақсатқа сай енгізуге болатын әдістердің жеткілікті кең жүйесі бар. Әдебиет сабағында проблемалық жағдаяттар студенттердің ой-өрісін ғана емес, қиялын, көркемдік интуициясын оятуға арналған.

Проблемалық оқыту әдісінің дәстүрлі әдістен айырмашылығы – ол оқушыны белсенді және қарқынды ойлауға мәжбүрлейді, проблеманы шешуге және теориялық қорытынды жасауға өзінің интеллектуалдық мүмкіндіктерін жұмылдырады. Өз бетінше ізденіс нәтижесінде алынған теориялық қорытындыны студент өз еңбегінің жемісі ретінде игереді.

Осылайша, әдебиет сабағында проблемалық оқыту студенттердің дәстүрлі иллюстративті және түсіндіру арқылы оқыту үдерісін толықтырады. Сонымен бірге ол пассивті оқытудың ескі стереотиптерін жоюға көмектеседі, студенттерді ойлауға мәжбүрлейді, күрделі өмірлік сұрақтарға жауаптарды оқытушымен бірге іздеуді көздейді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Жансугирова А.О. Оқыту әдістерін жетілдіру және оқытушының өз тәжірибесінде оларды таңдай білуі // Молодой ученый. — 2016. — № 5.2 (109.2). — С. 43-45.

[2] Рүстемова Ж.А. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: оқу құралы. - Қарағанды: АҚНҰР, - 2019. - 162 б.

[3] Заводнова М.В. Проблемное обучение на уроках литературы // Филологический аспект: международный научно-практический журнал. Сер.: Методика преподавания языка и литературы. - 2023. - № 02 (19).

[4] Markušić J., Sabljic J. Problem-Based Teaching of Literature. Journal of Education and Training Studies. – 2019. - Vol. 7, No. 4.

[5] Разыкова, Л.Т. Проблемные технологии обучения в литературном образовании // Наука, образование и культура. – 2022. – №2. – С. 42-45.

[6] Kassymbekova G., Baigunova D.M., Tuxhmarova Sh., Sargazin Zh. Creative competence enhancement process among students.//“Pedagogical Sciences” Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages - 2024.- № 1 (72). – P.265-271.

[7] Зырянова О.Н. Методика обучения литературе: урок в современной школе: учеб. пособие / О.Н. Зырянова, Н.А. Мазурова. – Красноярск: Сибирский федеральный ун-т, 2020. – 100 с.

[8] Tattimbetova Zh.O., Denisenko V.N., Tattimbetova K.O. Methods of analytical reading.// Хабаршы. Филология сериясы. - 2019. No1 (173).

[9] Мұстафина М.Ә. Әдебиетті оқытудағы проблемалық әдісті қолданудың тиімділігі.// ҚазҰУ Хабаршысы – Серия филологическая.- 2012. - № 2(136). – Б. 139-142.

[10]Әбеннова Л.У., Нұрбек М.А., Бекмырза С.Әдебиеттану ғылымына кіріспе. Оқу құралы, Шымкент. - 2019. - 150 б.

[11] Abenova L., Baybolova A., Matkarimova A. Ways of studying Kazakh literature in the period of independence.// Вестник науки и образования.- 2019. № 23(77). Часть 1.

REFERENCES

[1] Janswgirova A.O. Oqıtu adisterin jetildiru jane oqıtushynyn oz tazhiribesinde olardı tanday bilui (Improvement of teaching methods and teacher's ability to choose them in his experience)//Molodoy ucheny. — 2016. — № 5.2 (109.2). — S. 43-45. [in Kaz]

[2] Rustemova J.A. Qazaq adebietin oqıtu adistemesi: oqu quraly. (Methodology of teaching Kazakh literature: textbook) - Qaragandy: AKNUR, - 2019. - 162 b. [in Kaz]

[3] Zavodnova M.V. Problemnoe obuchenie na urokax literatury (Problem-based learning in literature lessons)// Filologičeskiy aspekt: mejdunarodny nauchno-praktičeski jurnal. Ser.: Metodika prepodavaniya yazıka i literatury. - 2023. - № 02 (19). [in Rus]

[4] Markušić J., Sabljic J. Problem-Based Teaching of Literature. Journal of Education and Training Studies. – 2019. - Vol. 7, No. 4.

[5] Razykova, L.T. Problemnyye tekhnologii obucheniya v literaturnom obrazovanii (Problem-based learning technologies in literary education)// Science, education and culture. – 2022. – No. 2. - S. 42-45. [in Rus]

[6] Kassymbekova G., Baigunova D.M., Tuxmarova Sh., Sargazin Zh. Creative competence enhancement process among students.//“Pedagogical Sciences” Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages - 2024.- № 1 (72). – P.265-271.

[7] Zyryanova O.N. Metodika obucheniya literature: urok v sovremennoy shkole: ucheb. posobiye (Methods of Teaching Literature: A Lesson in a Modern School: A Textbook)/ O.N. Zyryanova, N.A. Mazurova. - Krasnoyarsk: Siberian Federal University, 2020. - 100 p. [in Rus]

[8] Tattimbetova Zh.O., Denisenko V.N., Tattimbetova K.O. Methods of analytical reading.// Хабаршы. Филология сериясы. - 2019. No1 (173).

[9] Mustafina M.Ә. Adebietti okytudagy problemalik adisti koldanudyn tiimdilik.()// KazU Khabarshysy - Philological Series. - 2012. - No. 2 (136). – B. 139-142. [in Kaz]

[10]Abenova L.U., Nurbek M.A., Bekmyrza S. Adebiettanu gylymyna kirispe. (Effectiveness of using the problem method in teaching literature) Oku Kuraly, Shymkent. - 2019. - 150 b. [in Kaz]

[11] Abenova L., Baybolova A., Matkarimova A. Ways of studying Kazakh literature in the period of independence.// Вестник науки и образования.- 2019. № 23(77). Часть 1.

МЕТОД ПРОБЛЕМНОГО ПРЕПОДАВАНИЯ – ИНСТРУМЕНТ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ НА УРОКЕ ЛИТЕРАТУРЫ

*Мубарак Н.Е.¹, Адильбекова Л.М.²

*^{1,2}Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан

Аннотация. В данной статье речь идет о поиске инновационных методов обучения студентов и использовании современных образовательных технологий на уроках литературы в высших учебных заведениях. Он призван внести вклад в методику преподавания рассказов в методологическом поле современной педагогической науки, рассмотреть проблемы преподавания произведений казахской литературы в высшем учебном заведении, продемонстрировать эффективность проблемного метода в обучении литературе. Цель

исследования – определить возможности использования проблемного обучения на уроках литературы.

Научная значимость статьи заключается в том, что полученные в исследовании результаты дополняют концепции метода проблемного преподавания произведений казахской литературы. Практический смысл статьи заключается в том, что данные исследования могут быть использованы в практике преподавания произведений казахской литературы в высших учебных заведениях.

В статье изучена и проанализирована педагогическая, психолого-методическая литература по проблемному обучению и созданию проблемных ситуаций в обучении; искались наиболее эффективные пути и методы создания проблемных ситуаций. Для раскрытия данной темы были использованы следующие методы исследования: наблюдение, опрос и экспериментальное обучение.

50 респондентов будущих учителей казахской литературы приняли участие в исследовании, проведя анонимный онлайн-опрос о том, как часто они используют проблемное обучение, используют разные методы в процессе обучения.

Проблемный подход в организации учебного процесса педагогического вуза очень важен как технология, способствующая формированию познавательного интереса и более глубокому пониманию художественного текста.

Практическая значимость статьи состоит в том, что ее результаты, в частности теоретические и практические материалы, предназначены для использования студентами при подготовке к семинарским занятиям по данной теме, на занятиях по литературе по темам, разрабатываемым преподавателями.

Исследование показало, что проблемное обучение как современная стратегия обучения позволяет активизировать познавательную деятельность учащихся на уроке литературы. Это ставит учащихся в положение субъекта, который смотрит на проблему с когнитивной точки зрения, развивая при этом их творческие способности и способность критически подходить к пониманию текста.

Ключевые слова: художественная литература, художественный текст, традиционное обучение, проблемное обучение, проблемные ситуации, методика преподавания рассказов в вузах, методика преподавания литературы, современные технологии обучения

PROBLEM TEACHING METHOD - A TOOL FOR DEVELOPMENT OF STUDENTS' CREATIVE ABILITY IN THE LITERATURE LESSON

* Mubarak N.E.¹, Adilbekova L.M.²

^{*1,2}Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article deals with the search for innovative methods of teaching students and the use of modern technologies in literature classes at higher educational institutions. It is intended to contribute to the methodology of teaching stories in the methodological field of modern pedagogic science, to consider the problems of teaching works of Kazakh literature at a higher educational institution, and to demonstrate the effectiveness of the problem-based teaching method in teaching literature. The purpose of the study is to determine the possibilities of using problem-based learning in literature classes.

The scientific significance of the article is that the results obtained in the study complement the concepts of the method of problem teaching works of Kazakh literature. The practical meaning of the article is that these studies can be used in the practice of teaching works of Kazakh literature in higher educational institutions.

Pedagogical, psychological and methodological literature on problem teaching and creation of problem situations in teaching was studied and analyzed in the article; the most effective ways and methods of creating problem situations contributing to development were sought. The following

research methods were used to reveal this topic: observation, survey and experimental training. 50 future teachers-respondents of Kazakh literature took part in the study by filling out an anonymous online survey in order to determine how often they use problem-based teaching, as well as what forms and methods of teaching they use.

The problem approach in the organization of the educational process of the pedagogical university is very important as a technology that contributes to the formation of cognitive interest and a deeper understanding of the literary text.

The practical significance of the article is that its results, in particular, theoretical and practical materials, are intended for use by students in preparation for seminars on this topic, in literature classes on topics developed by teachers.

The study showed that problem-based learning as a modern teaching strategy allows students to activate cognitive activity in the literature lesson. This puts students in the position of a subject who has cognitive approach to the problem, while developing their creativity and ability to critically approach the understanding of the text.

Key words: fiction, literary text, traditional teaching, problem-based teaching, problem situations, methodology of teaching stories in universities, methodology of teaching literature, modern teaching technologies

Мақала түсті: 26 маусым 2024